



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.


УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

даңқы шыққан ортағасырлық ұлы көсем Ақсақ Темір өз сәулетшілеріне салдыруға бұйрық берген сәттен бастап, аталмыш өрнек елдік таңбаға айналған.



Кесененің солтүстік фасадындағы бедерленген өрнек (төрттармақты фигуралар). Сонымен, тарихи сыр мен құнды мағлұматтарға толы киелі Түркістан жерінде орналасқан атақты ғұлама данышпан Әзірет сұлтан Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың басына қойылған кесененің сыртқы көрінісіне сән беріп тұрған таңбалардың әлі де болса құпиясы толық ашылып болған жоқ. Тарих бізге сан түрлі ақпар бергенімен, шындық тек қана біреу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Арғынбаев Х. Ахмет Яссауи Сәулет ғимараты. - А: Өнер баспасы, 1988
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - А: Өлке баспасы, 2010
3. Өмірбекова М. Энциклопедия. Қазақ ою-өрнектері. - Алматы, 2003

ӘӨЖ 81'372.47

СЕЗІМ ЖАҒДАЙЫ НЕМЕСЕ ЭМОЦИЯСЫ ЖОҒАРЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ («Қырымның қырық батыры» жыры негізінде)

Тұрарханова Қымбат

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан,

kymbat-9697@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – Кенжалин Қ.К.

Бүгінгі қазақ әдеби тілінің төңірегінде түрлі мәселелер кездесіп жүр. Әрине, бұған тілдік қор, тілдік құрамдағы сөздердің қалыптасуының, ішкі және сыртқы лингвистикалық факторлардың әсер ететіні сөзсіз. Ұлт болып ұйысу жолында қазіргі әдеби тіліміз түрлі кезеңдерден өтті. Сол жолда түрлі қасиеттерді бойына сіңіре алуы да – заңдылық. Біздің негізге ала отырған әдеби тілдің ноғайлы дәуірі деп аталатын кезеңіне тән «Қырымның қырық батыры» жырындағы фразеологизмдердің қазіргі әдеби тілдегі қолданысындағы ерекшеліктерін танытуды тарихи санамыздың қалпына келтірілу жолындағы келелі істердің бірі деп білеміз. Әдеби тілдегі фразеологизмдердің қолданысын айтпас бұрын, оған берілген анықтамаларға көз жүгіртсек. «Әдеби тіл дегеніміз – жалпыхалықтық тілдің хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде өңделген ерекше түрі» [Будагов 1961: 24]. Ал М.Балақаевша: «Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп, екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды» [Балақаев 1965: 10]. Қазақтың төл әдеби тілін дәуірлеу мәселелесіне келгенде, Қазақ Совет Энциклопедиясында берілген «Қазақ әдебиетінің ертедегі нұсқалары» деген мақалада түркі тілдес халықтар мен қазақ ру-тайпаларының әдеби туындыларын мынадай тарихи дәуірлерге бөліп қарайды: 1.IV-VIII ғ. – түркі дәуіріндегі әдебиет; 2.IX-XII ғ. – мұсылман дәуіріндегі әдебиет; 3.XIII-XIV ғ. – Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет; 4.XV-XVIII ғ. – Қазақ хандығы

дәуіріндегі әдебиет [Қазақ Совет Энциклопедиясы 1975: 233]. Қарастырылып отырған жырдағы тарихи оқиғалар Алтын Орда дәуіріне тұспа-тұс келгендіктен ондағы әдеби тілдің де мерзімі сол шамада екені анық. Ал жырдың 1942 жылы Алматы қаласында атақты Мұрын жыраудан (Тілеген Сеңгірбекұлы) жазылып алынғаны рас болса, ондағы тілдік бірліктердің өзгеріске түскенін ескергеніміз жөн. Алайда жырдың лексикалық құнары соншалықты өзгерді дей алмаймыз. Сондықтан қазіргі әдеби тілімізбен салыстыруымыз орынды.

Тіл білімі фразеологияны этимология, семасиология, лексикографиямен бірге лексикологияның құрамында қарайды. Ал, фразеология фразалық тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді қамтиды. Фразеологиялық тіркес – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді (көре алмау – қызғану; іші күйу – өкіну, т.б.). Жалпы жыр бойынша жүргізілген талдаулар нәтижесінде кешенді жыр бойынан 132 фразеологиялық тіркес және 9 мақал-мәтел табылып отыр. Фразеологиялық тіркестерді ғалым Г.Смағұлованың еңбектеріне сүйене отырып 13 мағыналық топқа бөліп қарауға болады: адамның жағымды, жағымсыз қимыл-әрекеттеріне негізделген (31), сезім әрекеттеріне қатысты жасалған (18), адамның физикалық қалпын бейнелейтін (22), адамның сөйлеу дағдысы түрлерін сипаттайтын (3), адамның жеке басына тән қасиеттері туралы жасалған (9), адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайы, орны, тұрмысы туралы айтылатын (2), адамның сыртқы түр-әлпеті, жас мөлшері жөнінде қалыптасқан (2), уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген (3), киім, тамақ, денсаулыққа байланысты туған (1), табиғат құбылыстары, ауа райына қатысты жасалған (3), тілек-бата, ырым, садақаға байланысты айтылатын (8), еңбек, өмір, тағдыр, дүние туралы айтылатын (11) мағыналас тіркестер [Смағұлова 2010: 72]. Соның ішіндегі сезім жағдайы немесе жоғары эмоциялы фразеологизмдердің мағыналас, тақырыптық түрлері бойынша *«түсі кетті»*, *«қабағынан қар жауды»*, *«көңілі бұзылды»* секілді 17 тұрақты тіркес кездеседі. Біз осы мақаламызда ұшырасқан 17 фразеологизмді ішінара көңіл-күйдің деңгейлік қалпына байланысты топтастыруды жөн көрдік. Себебі адамның эмоциясы белгілі бір күйден екінші бір күйге ауысып отырғанда әртүрлі деңгейлерден өтетіні анық. Ол деңгейлер бүгінгі әдеби тілімізде де көрініс береді. Сөздің ішкі мағынасы адамның көңіл-күйіне әсер ететіндіктен, антропологиялық тұрғыдан дамып жатқан бүгінгі тіл білімінің бағытында да осы нәрсені ескергеніміз артық болмас. Эмоцияның ауытқу деңгейлеріне байланысты, біз тіркестерді төмендегідей жіктейміз.

I деңгей. **Көңіл-күйдің түсуіне байланысты, қайғылы қалып.** *Қан жұтты* - Құса болды, қатты қайғырды [Кеңесбаев 2007: 408]. Мысалы: Қайғыланып қан жұтты. Жараттың, Алла, не етерге?! [Бабалар сөзі Т.50: 237]. *Қабырғасы сөгілді* - беркесі кетті, быт-шыт болды; қатты қайғырды, мейлінше, қинала қайғырды [Кеңесбаев 2007: 390]. Мысалы: Қабырғасы сөгілді, Көзінің аққан жастары, Тамшыдай жерге төгілді [Бабалар сөзі Т.51: 254]. *Көкірегі шерге толды* - уайымдады, қайғырды [Кеңесбаев 2007: 348]. Мысалы: Көкірегін басып шер, Қабырғасы сөгілді [Бабалар сөзі, Т.51: 289]. *Жас төкті* - егіле жылады, еңіреді [Кеңесбаев 2007: 247]. Мысалы: Жаулығын салып мойнына, Жасы төгіліп қойнына [Бабалар сөзі Т.51: 101]. *Уайым жеді* - қамын ойлады, қайғырды [Кеңесбаев 2007: 725]. Мысалы: Уайым жеме, атажан, Кегің кетпес қалмаққа [Бабалар сөзі Т.50: 340]. *Қана болды* - уайымдады, қайғырды, ойы самарқауланды [Кеңесбаев 2007: 413]. Мысалы: -Тағы қапа қалмаңдар, - деп, Қалғандарын шақырды [Бабалар сөзі Т.51: 123]. *Көңілі бұзылды* (босады) - қамықты, кобалжып, толқыды [Кеңесбаев 2007: 357]. Мысалы: Қасында бір бала көргесін, Сосын көңілім бұзылды [Бабалар сөзі Т.50: 400].

II деңгей. **Көңіл-күйдің түсуіне байланысты, ашулы қалып.** *Қабағынан қар жауды* - Қатты ашуланып қаһарланды, кектенді [Кеңесбаев 2007: 387]. Мысалы: Қабағынан қар жауды, Аударад, - деп келеді, Жетпес қол бір тауды [БС, Т.50: 60]. *Ызғар шапты* - қаһар төкті, ашуланып бетінен оты шықты [Кеңесбаев 2007: 776]. Мысалы: Ызғарыңды бетке шашсаң да, Ауызыңды ашсаң да, Қорықпаймын мен, - деді [БС, Т.51: 164].

III деңгей. **Көңіл-күйдің бұзылуына байланысты, қорқыныш қалпы.** *Түсі кетті* - өңі, реңі тайды, қуарды, бұзылды [Кеңесбаев 2007: 523]. Мысалы: Құм сағыздай сазарды, Түсі кетіп, бозарды Бабалар сөзі Т.50: 251]. *Түсі қаишты* - өңі өзгерді, бет-бейнесі құбылды деген мағынада [Кеңесбаев 2007: 707]. Мысалы: Нешесінің кетеді, Түсі қашып, реңі [Бабалар сөзі Т.50: 123]. *Қаны қаишты* - қуарды, өңі бозғылт тартты [Кеңесбаев 2007: 412]. Мысалы: Көзінің бәрі қызарды, Қаны бір қашып, бозарды [Бабалар сөзі Т.50: 260].

IV деңгей. **Адамның разы болуына байланысты, қанағаттану қалпы.** *Құмары тарқады* - көңілі жай тапты, мейірленді [Кеңесбаев 2007: 476]. Мысалы: Неше күндей соғысып, Тарқады ма құмарың? [Бабалар сөзі Т.50: 135]. *Мауқын басты* - құмары қанды, көңілі көншіді [Кеңесбаев 2007: 511]. Мысалы: Торқа таңдап кидірші, Мен мауқымды басайын, Бір сағат маған сүйдірші [Бабалар сөзі Т.50: 79].

V деңгей. **Адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігіне байланысты, ұнату қалпы.** *Көңілі бар* - ұнатады, сүйеді [Кеңесбаев 2007: 357]. Мысалы: Ондай көңілі бар болса, Сынсалық, кел, - деді [Бабалар сөзі Т.51: 146].

VI деңгей. **Көтеріңкі көңіл-күйге байланысты, қуанышты қалпы.** *Жүрегі жарылды* - қатты қуанды; көңілденді [Кеңесбаев 2007: 278]. Мысалы: Жарылды менің жүрегім. Кел, сүйейін бетіңнен [Бабалар сөзі Т.50: 263]. *Көңілі өсті* - шаттана рухтанды, еңсесі көтерілді, қатты қуанды [Кеңесбаев 2007: 363]. Мысалы: Көңлі өсіп батырдың, Ентеленіп ол жүрді [Бабалар сөзі Т.50: 225].

Жоғарыдағы деңгейлерді саралай келе, жырда қолданыс тапқан фразеологизмдердің бүгінгі әдеби тілімізде де сол мағыналармен көрініс тауып жүргенін байқаймыз. Тек кейбір фразеологизмдердің контексте қолданылуына байланысты мағыналарының ауытқуы болатынын айта кеткеніміз жөн. Мысалы, «*жүрегі жарылды*» фразеологизмі қуанумен қатар қорыққан кезде де айтылып жатады. Осыған орай қазақтың бүгінгі әдеби тілінен «қуанған мен қорыққан бірдей» деген фразеологиялық бірлігін кездестіреміз. Тағы бір айта кететін жайт, адам эмоциясының ашулы қалпы жыл мезгілдерімен астарластыра берілген. Мәселен, «қабағынан қар жауды» және «ызғар шашты». Бұған қарама-қарсы мағынада тілімізде «жүзі жаздай жайдары», «көңілі жаздағыдай» сияқты тіркестердің қолдануы аталмыш фразеологизмдердің сонау замандардан мағынасын жоймай қатарласа келе жатқанын байқатады. Ал «*қабырғасы сөгілді*» фразеологизмінің бұл күндегі «*қабырғасы қақырады*» тіркесіне сыртқы формасы ұқсас болып көрінгенмен, беретін ішкі эмоционалдық мағынасы екі бөлек. Яғни, бірі қайғылану болса, екіншісі жеңілу мағынасында.

Қорыта келе, «Қырымның қырық батыры» жырындағы фразеологизмдердің тарихи кезеңдерде өз қызметін мүдірмей атқарып, қазіргі біздің әдеби тілімізге дейін жетуі аталмыш кезеңнің әдеби тілінен біздің бүгінгі төл әдеби тілімізден алшақ кетпегендігінің бір белгісі деп білеміз. Бүгінгі таңдағы лексикалық құрам мен тілдік қорды толықтырып тұрған тұрақты тіркестердің арасында осы жырдағы фразеологизмдердің өзіндік орны бар екендігіне оларды түрлі эмоционалды-экспрессивті деңгейлеріне байланысты топтау арқылы, ішкі мағынасына үңіле отырып көз жеткіздік. Демек, келешек ұрпақ үшін бұл жырдың тарихи да, тілдік те құны артып, сапасы салмақтана түспесе, кемімейтіні анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 50-51. – Астана: «Фолиант», 2008.
2. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965.
4. Будагов Р.А. Проблемы изучения романских литературных языков. – М., 1961.
5. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
6. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 6 том, 1975.
7. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Елтаным баспасы, 2010.